

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 124 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 11-бабына сәйкес алдын ала ақпаратты ұйымдастыру бөлігінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары ақпараттық жүйелерін пысықтау қажеттігіне байланысты Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 10 сәуірдегі №51 шешімінің 2-тармағы және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 10 сәуірдегі №52 шешімінің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Шешім 2019 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді."

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 17 сәуірдегі №56 шешімінің 3-тармағы, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 17 сәуірдегі №57 шешімінің 3-тармағы және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 24 сәуірдегі №62 шешімінің 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Шешім 2019 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді."

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасы Төрағасының  
міндетін уақытша атқарушы*

*К. Минасян*